

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Келісімшарттарды өзгерту





Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарттарды өзгерту

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

## Келісімшартқа өзгертулер енгізіп, төлемақыны көбейту немесе талаптарды жақсартуға міндеттеме алу

Жасалған келісімшартқа сай төленетін ақы мөлшерін көбейту («көбейту шарты») туралы уәдеге (міндеттемеге) ыңғайласпа қанағаттандыру (consideration) жасалады, сондықтан борышкерге «практикалық артықшылық» беруді, мысалы, қарсы тарап келісімнен бас тартпайтынына немесе одан ауытқымайтынына кепілдік беруді көздейтін уәде (міндеттеме) орындалуы керек. Ол негізсіз мәжбүрлеу немесе алаяқтық болмаған жағдайларда қолданылады.

Осы ретте ыңғайласпа қанағаттандыруға анықтама бере кетсек. Алдыңғы дәрістерімізде қарастырып өткендей, жалпы айтқанда, *келісімшарт құқығындағы ыңғайласпа қанағаттандыру дегеніміз бір құндылықты басқа бір құндылыққа айырбастау болып табылады*. Келісімшарт бойынша кез-келген түрдегі төлем; контрагенттің өтініші бойынша берілген кез-келген құндылықтар кез-келген іс-әрекетті, әрекетсіздікті немесе уәдені қарастыруға болады. *Әрбір тарап келісімшарт жасасудан белгілі пайда алуы тиіс*.



Ыңғайласпа қанағаттандыруды талап етпейтін міндеттеме ресми шарт (deed) түрінде жасалмаса, оның заңды күші болмайды.

Мысалы, Williams v. Roffey & Nicholls (Contractors) ісі (1991) бойынша шығарылған шешімді негізге ала отырып, ағылшын құқығының тиісті нормасын былай деп берсе болады: қандай да бір «практикалық артықшылыққа» сай көбейту шартын, сондай-ақ дәл сол жүктелген жұмысты орындап шығуға деген міндеттемені қолдайтын ыңғайласпа қанағаттандыру жасалуы керек. Ол іс бойынша лорд-судья Глайдвелл бұл құқықтық ережені былай айқындап берген:

«Егер...В тарабында А тарабының...мәміленің өзіне тиесілі бөлігін орындайтынына негізді күмән туындаса және осы ретте В тарабы А тарабына келісімшартқа сай міндеттемелерін уақытылы орындағаны үшін қосымша төлем жасауға уәде берсе, сондай-ақ...В тарабы іс жүзінде артықшылыққа ие болса...мұндағы В тарабының уәдесі А тарабы көрсеткен экономикалық қысым немесе алаяқтық әрекеттің нәтижесі болмауы тиіс, ...В тарабына қатысты артықшылық В тарабының А тарабына қосымша төлем жасау туралы уәдесіне ыңғайласпа қанағаттандыру болуы мүмкін...».

Көбірек төлем алу құқығын «сатып алу» үшін іс жүзінде ешқандай қосымша артықшылықтар берілмесе де, бұл шешім келісуші тараптарға міндетті күші бар көбейту шарттары жөнінде уағдаласуға бұрынғыдан көп мүмкіндік береді. Сондықтан бұл шешім коммерциялық тұрғыдан алып қарағанда ұтымды көрінеді. Еркін түрде қайта келіссөздер жүргізіп, келісімшартты уақытылы әрі дұрыс орындауды қамтамасыз ету – барлық тараптардың мүддесіне сай.

Жаңа Зеландияның осы саладағы тәжірибесіне сүйеніп, ағылшын құқығында бұдан былай көбейту шарттарына қатысты жағдайларда ыңғайласпа қанағаттандыруды (consideration) талап ету қажет емес деген норманың пайда болуы әбден мүмкін. Осындай норманың енгізілуіне наразылық білдіретіндер кем де кем шығар.

## Келісімшартты өзгертіп, төлемақыны азайтуға міндеттеме алу


Кредитордың берешек көлемін азайту немесе берешекті жою туралы уәдесі («азайту шарты» – decreasing part) мына төмендегі жағдайларда міндетті күшке ие болады. Ол үшін мәжбүрлеу немесе алаяқтық әрекет болмауы тиіс:



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарттарды өзгерту

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина



Жоғарыда аталған бірінші және екінші элементтері жалпы құқықта танылған, олар «Pinnel’s Case ісінде қолданылған ереже» деген атпен белгілі (1602). Бұл ережені Лордтар Палатасы Foakes v. Beer ісін (1884) қараған кезде мақұлдаған.

Ал бірінші элементке келсек («жаңа ыңғайласпа қанағаттандыру»), D & C Builders v. Rees ісінде (1966) құрылысшы Риз ханымнан негізді талабының бір бөлігі үшін төлем чегін алған. Судьялардың көпшілігі (лорд-судья Данквертс пен лорд-судья Винн Т Риз ханымның өтелмеген берешегі бар деп шешті: қолма-қол ақшамен емес, чекпен төлеу – жаңа ыңғайласпа қанағаттандыру болып саналмайды.

Үшінші элемент әділдік құқығындағы уәдеге негізделген эстоппельге қатысты. Collier v. P & MJ Wright (Holdings) Ltd ісін (2007) қараған Апелляциялық сот лорд Деннингтің High Trees ісіне (1947) қатысты «азайту шарты әділдік құқығына сай орындалуы керек» деген пайымын қолдады.

Жалпы, уәдеге негізделген эстоппельды қарастырмас бұрын, эстоппельге алдыңғы дәрістерде берген анықтамаға тоқталатын болсақ, эстоппель (ағылш. **estoppel** – **наразылық білдіру құқығынан айыру**) – тұлға өзінің дәмелі талабын негіздеу үшін әлдебір фактілерге сүйену құқығынан айырылатын құқықтық қағидат.

**Уәдеге негізделген эстоппель, болашаққа қатысты мұндай міндеттеме (promise) немесе мәлімдеме (representation) әдетте борышкерге төлем жасауға қосымша уақыт беріледі немесе ол өз борышының қалған бөлігін өтеуден босатылады деген сендірулерді қамтиды.**

Эстоппельдің бұл түрі әділдік құқығы принциптерінен бастау балады. Мысалы, жалға беруші өз пәтерін жалға алушыға ұзақ мерзімге жалға беремін деп уәде беріп, шарт жасасады. Жалға алушы өз ақшасынан сол пәтерге жөндеу жасайды. Сондықтан, жалға берушінің өзінің шартты ертерек бұзу құқығы шектеледі.

### Уәдеге негізделген эстоппель келесі элементтерден құралған:

Бұрын болған жайтқа, бүгінгі күнге немесе болашаққа қатысты сөзбен айтылған не іс-әрекеттен аңғаруға болатын айқын да нақты мәлімдеме жасалған болуы тиіс. (b) Оған нақты жағдай туралы түсінік қалыптастырған тараптың (репрезенти) сенуі шарт (сенгенін білдіру керек, алайда сот эстоппельді негіздеп беруге болатындай айғақтар жеткіліксіз деп шешуі мүмкін). (c) Содан кейін мәлімдеме жасаған тарап (репрезентор) өзінің заңға сай құқықтарын сақтауды қалайтыны туралы лайықты хабарлама жасай алады. (d) Осы аталған соңғы қағидаға сай, репрезентордың өз мәлімдемесіне қайшы келетін, тиянақсыз әрекетке баруына заң бойынша тыйым салынады. (e) Репрезентиге әділдік талабына сай қорғау көрсетіледі. (f) Дегенмен уәдеге негізделген эстоппель (әділдік құқығы қағидаларына құрылғандықтан) «өзі теріс қылыққа жол берген» (мысалы, репрезенторды тиісті мәлімдеме жасауға мәжбүрлеген немесе алдап көндірген) репрезентиді қорғау үшін қолданылмайды.

Өтелмеген берешекті азайтқан не берешекті жойған жағдайда, оны өтеу үшін жартылай төлем жасау міндетін үшінші тарап өзіне алуы мүмкін. Мысалы, Hirachand Punamchand v. Temple ісі (1911): қарызға ақша берген тарапқа жартылай төлемді борышкердің әкесі жасаған. Істі қараған Апелляциялық сот қарыз



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарттарды өзгерту

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

берген тарап берешекті өтеуді әкесінен емес, баласынан талап ете алмайды деген шешім шығарған. Әйтпесе мұндай талап қою – баласының берешегін толық өтеу мақсатында жартылай төлем жасайтынын жеткізген әкесіне қатысты «алаяқтық әрекет» деп танылатын еді. Келісімшарттар (үшінші тараптардың құқықтары) туралы 1999 жылғы заңға сай, мұндай жайтты қазір үшінші тарапқа берілген артықшылық деп есептеуге болады, өйткені баланың (үшінші тараптың) әкесі мен кредитор өтелмеген берешек бойынша төлем жасауды баласынан талап етпеу туралы келісімге келген.

## Бас тарту және эстоппель

Жоғарыда көрсетілген жағдайлармен қатар, тараптардың міндеттемелеріне қатысты түзетулер, жеңілдіктер және өзгертулер мына төмендегі доктриналарға сай танылуы мүмкін: (a) эстоппель, (b) бас тарту (waiver) (немесе мәжбүрлеу шараларын қолданудан бас тарту – forbearance), немесе (c) даулы мәселелер бойынша адал ниетпен (bona fide) жеңілдік жасау.

Кредитор басқа да жеңілдік түрлерін қолдануы мүмкін немесе мәжбүрлеу шараларын қолданудан бас тартуы ықтимал, мысалы: (a) борышкердің төлем жасау мерзімін ұзарта алады; немесе (b) төлем валютасын өзгерте алады, мысалы, Alan v. El Nasr ісі (1972); немесе төлем жасайтын орынды өзгерте алады. Жалпы құқықтағы бас тарту/мәжбүрлеу шараларын қолданудан бас тарту (waiver, кейде forbearance деген термин де қолданылады) доктринасына сүйеніп, осындай жеңілдік жасау мүмкіндігі бар. Осы ретте лорд-судья Деннинг Charles Rickards Ltd v. Oppenheim ісіне (1951) қатысты мынадай мәлімдеме жасаған:



«А тарабы В тарабын мерзімге қатысты шартты бұлжытпай орындауды талап етпейтініне сендірген, ал В тарабы тиісті жұмысты атқарған, өз кезегінде А тарабы оны қабылдап алған, В тарабы жұмысты келісілген жаңа уақыт кестесіне сай жасаған жағдайда, А тарабы кейін мерзімге байланысты В тарабына қарсы ережені енгізе алмайды. Ол бұл әрекетті бас тарту немесе мәжбүрлеу шараларын қолданудан бас тарту, немесе өзара келісілген өзгерту не баламалы орындау деп атауы мүмкін – таңдалған атаудың әрекет мәніне ешқандай әсері болмайды. Мұны эстоппель деп айтсақ болады. Өз іс-әрекеті арқылы А тарабы басқа тараппен арадағы құқықтық қатынастарды реттеуге деген ниетін білдірген. Ол, осылайша, өзіне заңды құқықтарын бұлжытпай сақтауды талап етпейтіні туралы міндеттеме алған. Бұл міндеттемені орындау керек еді, ол іс жүзінде орындалды. Енді аталған тарап өз міндеттемесінен бас тарта алмайды».

Alan v. El Nasr ісі (1972) аңғартқандай, бас тарту, эстоппель және «міндетті күшке ие өзгертулер» (талап етілген ыңғайласпа қанағаттандыруға сай өзгертулер сияқты өзара байланысты доктриналарды икемді қолдануға болады.

Alan v. El Nasr ісі (1972): тараптар жасасқан келісімшарт бойынша, тапсырыс берушіге бірінен кейін бірі үш рет кофе жүгі жөнелтілуі керек еді. Төлем валютасы (тауар бағасы) Кения шиллингі деп көрсетілген. Тауар құнын үш бөлікке бөліп төлеу керек болатын. Соған қарамастан сатушы тапсырыс берушіге жіберген кофенің алғашқы екі жөнелтілімі үшін төлемді ағылшын фунт-стерлингіне қабылдаған – осылайша, келісімшарттың бастапқы талаптары өзгертілген. Ағылшын фунт-стерлингі құнсызданғандықтан, келісуші тараптар арасында үшінші жөнелтілім бойынша жасалатын төлем валютасын анықтау төңірегінде дау туындады. Апелляциялық сот кредитор үшінші жөнелтілім үшін төлемді ағылшын фунт-стерлингіне қабылдауы тиіс деген шешім шығарды. «Бас тарту» жайты орын алды: төлемді бастапқыда көрсетілген валютада жасауды талап етуге болмады. Істі қараған үш судья бірдей ұйғарымға келгенімен, әрқайсысы сот шешімін әртүрлі доктриналарға сүйеніп түсіндірген. Апелляциялық сот төрағасы лорд Деннинг әділ іскерлік тәжірибе сияқты жалпы қағиданы басшылыққа алған. Лорд-судья МеҒоу «бас тарту» ұғымына сүйенді. Ал лорд-судья Стивенсон келісімшартта бірқатар жаңа талаптар пайда болған (міндетті күшке ие өзгертулер) деген ұйғарымға келді.

Өзгерту енгізудің новациядан айырмашылығы. Өзгерту енгізу (variation) деп келісімшарт талаптарын өзгертуді айтады. Ал новация кезінде бастапқыда жасалған келісімшарт жаңа келісімшартпен алмастырылады. Новацияның екі түрі бар: мәміле новациясы (transaction novation) – жаңа келісімшарт дәл сол (бұрынғы) тараптар арасында жасалады; тарапты ауыстыру новациясы (party substitutive novation) – жаңа келісімшарт тараптары бұрынғыдай емес, бастапқыдағы тараптың орнына өзге бір тарап шарт



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Келісімшарттарды өзгерту

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

жасасады (А және В тараптары арасындағы бастапқыдағы келісімшарт күшін жойып, оның орнына А және С тараптары жаңа келісімшарт жасасады). *CMA SA v. Hyundai MPO Dockyard Co Ltd* ісі (2008): мұнда жоғарыда аталған новацияның екінші түрі жүзеге асқан, нәтижесінде жаңа келісуші тарап кеме жасайтын компаниямен шартқа отырған. Тараптар жасасқан жаңа келісімшарт арбитраж туралы келісімді де қамтыған. Аталған тарап арбитраж туралы ескертпені бұзып, новацияға дейін Францияда негізсіз басталып кеткен сот ісін тоқтатуға әрекеттенбеген. Судья Бертон аталған жаңа келісуші тарап Франция сотында қаралып жатқан істі тоқтатудан бас тартқан, сондықтан ол арбитраж туралы ескертпені бұзды деген шешім шығарды.

### Қолданылған әдебиеттер

1. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 9-08 to 9-16, 9-23
2. N Andrews, *Contract Law* (2nd edn, Cambridge, 2015), 5.22 to 5.44; J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 9-17 to 9-22, and chapter 10
3. J Cartwright, *Formation and Variation of Contracts* (London, 2014), 9-06, 9-07, 10-01 to 10-13; KR Handley, *Estoppel by Conduct and Election* (2nd edn, London, 2014); G Spencer Bower and AK Turner, *Estoppel by Representation* (4th edn, London, 2003); S Wilken and K Ghalys, *The Law of Waiver, Variation and Estoppel* (3rd edn, Oxford, 2012)
4. *Compromise: D Foskett, The Law and Practice of Compromise* (7th edn, London, 2010)